


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

ірі ғалымдардан құралған кеңес алдында диссертация қорғау, олардың талқысынан өтіп, тәлімін көру бақытына ие болдық. Таулардың биіктігі алыстаған сайын анық көрінетіні рас екен. Әбекең мен Шөкеңдей асыл ағаларымыз бен қазақтың аса көрнекті ғалым қызы Рәбиға апайдың азаматтық тұлғасы мен ғалымдық келбеті жыл өткен сайын зорайып барады. Қазір ойлап отырсақ, бізге зиялылықтың үлгісін, ғылыми ортаның қандай болатынын, нағыз академиялық ғылым өкілі қалай ізденіп, еңбектенуі керектігін осы аға-апаларымыз көрсеткен екен.

Өткен ғасырдың 20-жылдары жарық дүниге, 50-жылдары ғылымға қатар келген үш құрдас араға көп уақыт салмай өмірден де қатар өтті. Ғасырға жуық жасаған үш академиктің ғылымға арналған ғұмыры өздері тікелей ғылыми жетекшілік етіп, кандидаттық, докторлық диссертация қорғатқан шәкірттеріне ғана емес, айналасындағылар мен олардан кейін тіл білімі саласында еңбек етіп келе жатқан екі буынға үлкен өнеге, ғибрат мектебі болды. Көрнекті ғалымдардың өмірі мен ғылыми шығармалары кейінгілерге де үлгі болып қала береді. Өздері жүзге жуық жасаған көрнекті ғалымдардың ғылыми мұрасы мың жасап, ұрпақтан-ұрпаққа жете берсін!

М.Қ. Ескеева

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Астана қ.*

АКАДЕМИК ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕМІ

Аннотация: Академик Абдуали Туганбайұлы Кайдар — ученый, внесший значительный вклад в развитие и теоретическое углубление казахского языкознания и тюркского языкознания в целом. Научный мир исследователя обширен, значим и глубок. В статье раскрывается масштаб и теоретическая глубина научного мира А.Т. Кайдара. Определена направленность многовекторных исследований ученого, выяснено значение его научных концепций в языкознании.

Ключевые слова: агглютинация, тюркские языки, теория односложных корней, имитационная теория, идеофон, фоносемантика, научно-исследовательская экология.

Abstract: Academician Abduali Tuganbayuly Kaidar is a scientist who made a significant contribution to the development and theoretical deepening of Kazakh linguistics and Turkic linguistics in general. The scientific world of the researcher is vast, meaningful and deep. The article reveals the scale and theoretical depth of the scientific world of A.T. Kaidar. The direction of multi-vector studies of the scientist was determined, the significance of his scientific concepts in linguistics was determined.

Key words: agglutination, Turkic languages, theory of monosyllabic roots, imitation theory, ideophone, phonosemantics, scientific research ecology.

Ғылым үнемі даму үстіндегі үдеріс болғандықтан ғылымның көкжиегін, тереңдігі мен биіктігін де айқындау мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан әрбір зерттеуші өмірінің соңына дейін өзінің ғылыми әлеуетіне, ақыл-парасатына, талап-тілегі мен қызығушылығына, табандылығы мен еңбекқорлығына байланысты өзінің ғылыми әлемін сомдайды. Бұл сан ғасырлық тарихы бар, адамзат өркениетінің биік көрсеткіші болып табылатын жалпы ғылыми әлем ұғымының микро бөлшектерін құрайды. «Ғалымдар ғылыммен өздері үшін емес, халықтың игілігі үшін, ғылымды ілгері дамыту үшін айналысады. ...Ғылым – рухани өмірдегі жанды құбылыс. ...Ғылымның өз үрдісін тауып, аясын кеңейтіп, ілгері дамуының басты шарты – оның жалғастығында, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа асыл мұра, аманат ретінде ауысып отыруында» [1, 37].

Қазақ тіл білімінің, жалпы түркі тіл білімінің дамуына, теориялық тұрғыдан тереңдеуіне айырықша үлес қосқан академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың өзіне тән ғылыми әлемі кең ауқымды, мәнді әрі терең. Өмірінің 70 жылға жуық уақытын ғылымға арнаған ғалымның зерттеулері көп векторлы.

Академик Ә.Қайдардың ғылыми әлемінің ауқымы мен мәнін оның көп бағытты зерттеулерінің теориялық тереңдігі мен ғылыми дәйектілігі айқындайды. Ғалым өзінің зерттеу бағытын төмендегідей топтастырып көрсетеді: 1) Бір буынды түбір мен негіз проблемасы; 2)

Әдеби тілдің қалыптасу проблемасы; 3) Диалектологиялық зерттеулер; 4) Түркі тілдеріне тән синкретизм құбылысы; 5) Этнолингвистика проблемасы; 6) Түркі тілдері этимологиясының мәселелері; 7) Фразеология мен паремиялогия мәселелері; 8) Қос сөздер проблемасы; 9) Қос сөздер проблемасы; 10) Терминология проблемалары; 10) Ономастика мәселелері; 11) Жалпы түркология мәселелері; 12) Мемлекеттік тіл және тіл саясаты; 13) Оқулық жазу мәселелері [1, 93]. Бұл ғалымның өзі айналысқан мәселелерді жинақтап топтастыруы, ал таратып қарастырса, әр тақырыптың аясындағы күрделі ғылыми-теориялық және қолданбалы-тәжірибелік аспектідегі мәселелер тарамдалып, зерттеушінің ғылыми өрісінің шеңберін әлдеқайда кеңейте түседі.

Ә.Қайдардың ғылыми әлемінің арқауы – сөз табиғаты немесе сөзтану. «Сөзтану» зерттеуші өзі ұсынған термин, сөз табиғатын бір тұтас құбылыс ретінде жан-жақты, кешенді түрде; тілдің барлық деңгейіне қатысты интралингвистикалық факторлар мен сол сөзді қолданатын, сол тілде сөйлейтін этносқа қатысы бар барлық экстралингвистикалық факторларды ескере отырып, құрылымдық, антропоэлектік, салыстырмалы зерттеу парадигмаларының сабақтастығында қарастыруды сипаттайтын шартты ұғым. Яғни, сөзтану ғалым өзі ұсынған әрі қолданған тіл табиғатын індете зерттеу әдісін талап етеді. Кең ауқымды сөзтану ұғымының тіл білімінің деңгейлік саларын ғана емес басқа да гуманитарлық, кейбір жаратылыстанымдық пәндердің зерттеу нәтижелерін өзара үйлестіретін интегративтілік сипаты да бар. Себебі мағыналы сөз дыбыстық тілдің негізгі көзі, тіл иесі халықтың жүріп өткен жолы мен мәдениетінің, барлық жетістігі мен күйзелісінің көрінісі: «Әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сайып келгенде, сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен тәкелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың мәдени, рухани өмірінің айнасы болып саналады» [2, 7].

Ә.Қайдардың ғылыми әлемінің мазмұнын құрайтын сөзтану нысанының ауқымы: 1) Сөздің қалыптасу тарихы – глоттогенез мәселесі; алғашқы саналы адамзат тіліндегі дыстар мен дыбыс тіркестері немесе семантикалық мәні бар идеофондар; бір буынды архитүбірлердің тұлғалық және семантикалық құрылымы, гомогенді және гетерогенді түбірлер; синкретизмдер мен жасырын синкретизмдердің полисемантикалық қабілеті; түрлі дыбыстық альтернациялар мен фоно-семантикалық, фоно-морфо-семантикалық құбылыстар; семантикалық қабілеті бар форманттар т.б.; 2) Сөз тұлғасы мен мағынасының даму деривациясы немесе моносиллатар негізінде жаңа сөздердің жасалуы – екі буынды сөздер, көп буынды сөздер, күрделі сөздер (біріккен сөздер, қос сөздер); екінші деңгейлі синкретизмдер; кірігу құбылысы, плеоназм құбылысы; үш дәрежелі грамматикалық индикаторлар; өлі жұрнақ т.б.; 3) Сөз этимологиясы – жоғарыда берілген екі топ тұтас сөз этимологиясына тікелей қатысы бар мәселелер; 4) Фразеологизмдер мен паремиялардың құрылымдық, мағыналық дамуы; тура мағына мен ауыспалы мағынаның байланысы; жағдаяттық мағынаның уәждік негіздері; жарыспалылық құбылысының себептері т.б.; 5) Сөздің этнолингвистикалық аспектісі – этнос болмысын тіл арқылы таныту; 6) Сөздің (тілдің) әлеуметтанымдық аспектісі және тіл саясаты; 7) Қазақ әліпбиі – қазақ әліпбиіндегі әріп-таңбалар мен қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, буын құрылымын сәйкестендіру мәселесі; 8) Лексикография – этимологиялық, этнолингвистикалық, түсіндірме, екі тілді аударма т.б. сөздіктер; 9) Тарихи шежіре және этнологиялық мәселелер – қаңлы тарихы; қазақтану 10) Оқулықтар мен оқу құралдары – түркологиялық пәндер; ұйғыр тілі мен әдебиетінен мектеп оқулықтары; 11) Шәкірт тәрбиелеу – докторлық, кандидаттың диссертацияларға жетекшілік.

Әрбір зерттеушінің өзінің ғылыми әлемін шынайы да мәнді әрі замандастарына немесе келесі ұрпаққа пайдалы етуі олардың салалық ғылымның кемшін тұстары мен мәселенің түйінді жерлерін анықтай білуінде. Осы тұста, академик Ә.Қайдар зерттеу тақырыптарына деген талғампаздығымен, жалпы түркітанудағы ең өзекті мәселелерді дәл анықтай білуі, мәселенің болашағын (перспективасын) да нақты болжай алуымен ерекшеленеді.

Әрбір зерттеушінің өз ғылыми әлемінің экологиялық тазалығын сақтауы аса маңызды, мұның тетігі – дәйексөздер мен сілтеме. Зерттеу жұмысында сілтемелердің дәл беріліп отыруы

зерттеушінің теориялық дайындығының немесе ғылыми аппаратының деңгейін көрсетумен қатар ғылымдағы ұрпақ сабақтастығының үзілмеуінің, белгілі мәселе төңірегіндегі ғылыми тұтастықты сақтаудың кепілі, сондай-ақ зерттеушіні теріс әдеттерден аластатын негізгі тетік. Академик А. Қайдардың дәйексөз бен сілтеме жайлы өз сөзін келтірсек: «ғылымды өмір айнасы десек, сол айнадан адамдықты да, надандықты да, ой-парасаттың тұңғық тереңі мен шыңырау биігін де, адамзаттың инсандық қасиеті мен пендешіліктің қасіретін де көруге болатын, бұлардың дұрыс бағасын беріп, дұрыс бағыт-бағдар көрсететін қолданба, құбыланама» [1, 87]. Ә. Қайдар үшін ғылыми зерттеуде «майда-шүйде» деген болмау керек. Бұл академиктің өз ғылыми әлемінің шынайылығы мен тазалығын қамтамасыз ететін басты ұстанымы.

Жалпы академик Ә.Т.Қайдардың ғылымға ден қоюы, өз ғылыми әлемінің іргетасын қалауы университеттің соңғы курсындағы ізденістерінен басталады: «Санамда ғылымға деген саңлаудың пайда бола бастауы менің ең соңғы курста диплом жұмысын жазуыма байланысты байқалған еді, ... ғалым болу идеясының санама ұялауын мен Шоқан еңбектерімен жүзбе-жүз кездесуімнен кейін мен айқын сезіне бастадым» [1, 209-210]. «Жеңімпаз жауынгер», «майдангер студент» аталып жүрген болашақ академиктің осы бір алғашқы ізденістері «үш жыл аспирантураға ұласып, ...ұзақ жылға созылған ғылымдағы ғұмырмен жалғасты» [1, 209-211].

Қазақ, ұйғыр аралас өңірде дүниеге келгендіктен ұйғыр тілін жақсы білетін Ә.Қайдар ұйғыр тілінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуіне байланысты әрі сол кездегі Қазақ Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтпаев, ғылыми жетекшілері, белгілі түркітанушылар С.Е.Малов пен К.К.Юдахиндердің қолдауымен ұйғыр тілінің даму жолын зерттеуге ден қояды. Сол кездерде Шығыс түрк қағанатының орнын басқан Ұйғыр қағанатының (VIII-IX ғғ.) мұрагерлерін тікелей қазіргі ұйғырлармен байланыстырушы пікірлер басымдық алып, Ұйғыр қағанатының құрамындағы басқа да көне түркі тайпаларының үлесі қалыс қалып жатуы, түркі руникасынан кейін түркілер қолданған көне ұйғыр жазуының араб жазуымен қанаттаса қолданылуы, Ұйғыр қағанатының жазба дәстүрі Қараханидтер тұсында да жалғасуы түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі болатын. Сол сияқты, қазіргі ұйғыр тілі мен сары ұйғыр тілін бір санатта қарау дәстүрі орын алған болатын, бұл да негізделмеген, даулы пайымдау еді. Сондықтан жас зерттеушіні бұл жолға тартқан тағы бір фактор ретінде – «көне ұйғыр жазба ескерткіштері» аталып кеткен орта ғасыр түркілері жазбалары тілінің бүгінгі ұйғыр тілімен жалғастық деңгейі де қызығушылығын тудырғаны анық.

Ұйғыр тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымның ұйғыр тілі жайлы жазылған іргелі зерттеулері белгілі түркітанушылар тарапынан жоғары бағасын алды [3; 4].

Ғалымның зерттеушілер арасында кеңінен танымал, түркі тіл біліміндегі құнды еңбектерінің бірі – қазақ тіліндегі бір буынды түбірлерді басқа түркі тілдерімен салыстыра талдауға бағытталған іргелі зерттеуі [5]. Түркі тілдері, жалпы алтай тілдері бойынша бір буынды түбірлер құрамының 6 түрлі классикалық моделі (V, CV, VC, CVC, VCC, CVCC) айқын болғанымен, қай модель архетип екені толық дәйектелмеген, пікір қайшылығы мол, күрделі мәселені қазақ тілі деректері негізінде қарастырған зерттеуші ауқымды тілдік материалдар негізінде тың пайымдаулары мен тұжырымдарын ұсынды, бірінші деңгейлі, екінші деңгейлі түбірлерді ажыратып, түбір ұғымына жаңаша анықтама берді [5, 28].

Қазақ этнолингвистикасының ғылыми тұжырымдамасын жасап, осы сала бойынша іргелі зерттеулер жүргізген [6; 7; 8; 9] академик Ә.Қайдар өзіндік бағыт-бағдарымен, мақсат-мүддесімен ерекшеленетін «қазақ этнолингвистикалық мектебінің» қалыптасуына ұйтқы болды [10,18].

Зерттеуші түркі(қазақ) тілдерінің деректері негізінде жалпы лингвистикадағы күрделі әмбебап құбылыстар жайлы гипотезалық теорияларды тереңдетуге де үлес қосты. Глоттогенез проблемасының күрделі мәселесіне жататын имитатив теориясы бойынша «дыбыстық тілдің қалыптасуы адамның табиғаттағы дыбыстарға мән жүктеп қолдануынан басталады» дейтін дәстүрлі идеяны толық қолдайтын ғалым [11,14] табиғаттағы дыбыстардың барлығы бірдей белгілі бір ұғым-түсініктің баламасы, символы, рефлексі бола бермейтінін, бола қалған жағдайда ғана, ондай дыбыс пен дыбыс тіркесі саналы адамдардың өзара қарым-қатынас жасауына қажетті тілдік элементке айналатынын көрсетеді. Ғалымның теориялық тұрғыдан

негізделген, мол тілдік деректермен дәйектелген тың тұжырымдары мен пайымдаулары глоттогенезге қатысты дыбысқа еліктеу идеясынан дамыған имитатив теориясының шынайы лингвистикалық құбылыс ретінде танылуына негіз болатын түркі тіл білімінің үлкен жетістігі.

Түркі тіл біліміндегі ең күрделі, қайшылығы мол мәселелерді зерттеуі, қазақ тіл білімінде әлі зерттеле қоймаған тың проблемаларға немесе жеткілікті деңгейде қарастырылмаған, шешімі толық табылмаған тақырыптарға қалам тартуы, түркі тілдерінің материалдары негізінде жалпы тіл білімінің түйткілді мәселелеріне қатысты тұжырымдарын ұсынуы зерттеушінің ғылыми әлеуетінің жоғарылығымен қатар өз кәсібін айырықша сүйетін, қазақ лингвистикасының жоғары деңгейге жетуін бар жан-дүниесімен қалайтын қазақ перзентінің шынайы болмысы мен еңбекқорлығын сипаттайды.

Әдебиеттер

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. -320 б.
2. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері//Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. –Б.7-15
3. Қайдаров А.Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. 1. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. –Алма-Ата: Наука, 1969. -357 с.
4. Қайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. Алма-Ата: Наука, 1958. -168 с.
5. Қайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. –Алма-Ата: Наука, 1986. -328 с.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б. 8-50;
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Адам. I том. –Алматы: Дайк-Прес, 2009-788; Қоғам. II том. –Алматы: Сардар баспа үйі, 2013. -728 б.; Табиғат. III том. – Алматы : Сардар баспа үйі, 2013. -608 б.
8. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. –Алматы: Тоғанай Т, 2004. -559 б.
9. Қайдар А. Тысяча метких и образных выражений: (казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями). – Астана : ТОО "Білге", 2003. -368 с.
10. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алма-Ата:Евразия, 1995. -178 с.
11. Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі имитативтер//Ғылымдағы ғұмыр (Қайдар Ә.). V том. –Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. -304 б.
12. Қайдар Ә.Т. Қаңлы. –Алматы: Дайк-Пресс, 2004. –610 б.
13. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.

Мұстафа ӨНЕР

профессор, Dr.

Эгей университеті

Түркия, Измир қ.

ТАРИХИ ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ҚАЗАҚША ОҚЫТУ

Түркология және тарихи (диахрондық) әдіс

Түркологияның Александр Казем Бек, Маттиас Александр Кастрен, Отто Бохтлинг сияқты негізін қалаушылардың еңбектерінен бастап, тарихи филология және тарихи грамматика сипатымен құрылған шамамен 170 жылдық зерттеу әдебиеті бар .